# Дәріс 9.

# Шизофрения. Эпилепсия.

PhD Камзанова А.Т.

# Шизофрения

- жиі жас кезде пайда болатын созылмалы психикалық эндогенді үдемелі ауру жилы О. Бейлер « Шизофрения » терминін ұсынған ( гр. тілінен schiso- ыдырау, phren – жан денег мағынаны білдіреді ).

# Шизофрения

- созылмалы процесті, этиологиясы жағынан айқындалмаған ауру;
- жиі кездесетін психикалық аурулардың бірі;
- ауру жастық шақта жиі кездеседі (20-25 жас аралығында басталады);
- ойлаудың бұзылуының ұлғаюына, сезімдік әсерлер мен ерік көріністерінің жұтаңдауына, енжар кемақылдық күйге әкеледі.

# Шизофрения Sch

- кез-келген жас кезеңінде басталуы мүмкін. Дегенмен шизофрения  дамуына аса тән жас  кезеңі 20-25жас. Шизофренияның бастапқы клиникалық көріністерінің кейбірінің өзіндік оптимальды мезгілі бар. Параноидты көріністермен шизофрения невроз тәрізді симптоматикамен жиі 30 жастан кейін, ойлау бұзылысы көрінісімен-жасөспірімдік шақта басталады. Ер адамдарда әйелдерге қарағанда ауру ерте басталады. Клиникалық көрінісінде де науқас жынысына қарай ерекшеліктер болады. Әйелдерде ауру жедел өтеді, әртүрлі аффективті патология жиі және айқынырақ болады.

# Шизофрения симптомдары

- Ойды тартып алу симптомы (қандай бір сыртқы күш оның басындағы ойын тартып алған сияқты деп айтады);
- Сендірілген ойлар симптомы (ауру оның басына оған тән емес, бөгде ойлар келеді деп айтады);
- Кандинский-Клерамбо синдромы, психикалық жаттандылық синдромы;
- Ипохондриялық сандырақ идеялары;
- Галлюцинация және естудегі жалған галлюцинация жиі байқалады.

# Шизофренияның формалары

- Параноидты формасы
- Гебефрендік формасы
- Кататоникалық формасы
- Қарапайым формасы
- Циркулярлы формасы
- Сенестопатиялы-ипохондриялық формасы

## *Эпилепсия. Оның түрлері.*

- ұстамалы аурулар;
- ұстаманың психикалық баламасы болып табылатын кеселдер;
- жеке бастың өзгеруі (ұзақ уақыт бойы берік, өршіген түрде болатын бұзылыстар).